

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ №13 қалалық емхана МКК»
Қадағалау кеңесінің 28 мамыр 2018 ж. №2 хаттамалық шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» МКК
Ақпараттық саясат туралы Ереже**

Нұр-Сұлтан қ., 2018 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №13 Қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (*мәтін бойынша бұдан әрі – Кәсіпорын*) ақпараттық саясаты (*мәтін бойынша бұдан әрі – Ақпараттық саясат*) туралы Ереже Кәсіпорынның Жарғысына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Ақпараттық саясат Кәсіпорынның Жалғыз қатысушысына (*мәтін бойынша бұдан әрі – Қатысушы*), Кәсіпорынның қызметіне, сондай-ақ Кәсіпорынның заңнамамен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және басқа да құпиясын сақтауға мүдделі тұлғаларға немесе басқа да тұлғаларға Кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсететін негізгі принциптер мен жалпы талаптарды анықтайды.

1.3. Ақпараттық саясат Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға, жағымды бет-бейнесін құруға және тартуға көмектесуі тиіс.

2. Ақпараттық саясаттың мақсаты, міндеті және қағидалары

2.1. Кәсіпорынның ақпараттық саясатының мақсаты Кәсіпорын қызметі туралы ақпаратты шешім қабылдау үшін алуға мүдделі тұлғаларға қажетті көлемде жеткізу арқылы ақпараттың ашықтылығын арттыру болып табылады.

2.2. Кәсіпорынның ақпараттық саясаты келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- Кәсіпорынға қатысты шешім қабылдауға қажетті корпоративтік ақпаратты алуға мүдделі тұлғалардың құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

- корпоративті басқаруды жетілдіруге;

- байланыс белсенділігін қамтамасыз етуге;

- ақпаратты міндетті ашып көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындауға;

- Кәсіпорын туралы жариялау және/немесе пайдалану мемлекеттің, Кәсіпорынның мүддесіне зиян келтіруі немесе мүдделі тұлғалардың басқа тұлғалардың алдында (басқа да сол сияқты жағдайларда) жөнсіз басымдылығына алып келуі мүмкін мәліметті (ақпарат) қорғауға.

2.3. Кәсіпорынның ақпараттық саясаты толықтық, нақтылық, ақпараттың ашылуына қолжетімділік, сондай-ақ ақпараттың уақытылы және жүйелі түрде ашылуы сияқты қағидаларға негізделеді.

2.4. Сонымен бірге, Кәсіпорын заңнамамен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және басқа да ақпараттың сақталуының қамын ойлай отырып, құпия ақпараттың жарияланбауын өз жауапкершілігіне алады, сондай-ақ ақпараттың қорғалуы үшін заңнама рұқсат ететін әдістер мен амалдарды қолданады.

2.5. Ақпараттық саясаттың жоғарыда көрсетілген қағидалары мүдделі тұлғалардың Кәсіпорын ұсынатын ақпараттардың және Кәсіпорынның ашықтығына сенімділігін қалыптастыруға бағытталған.

2.6. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, нормативтік актілеріне, Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес, ақпараттың Кәсіпорынға және басқа тұлғаларға белгілі көлемде ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Ақпараттың міндетті ашып көрсетілуіне сонымен бірге қатысты:

- Кәсіпорынның қызметін реттейтін Кәсіпорынның Жарғысы мен ішкі құжаттары;

- Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер енгізу, қайта ұйымдастыру туралы мәліметтерге қатысты маңызды деректер мен оқиғалар;

- Кәсіпорынның жылдық есебі.

2.7. Ақпараттың міндетті ашып көрсетілуі мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілері бекіткен мерзім мен тәртіпте ашып көрсетіледі.

2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және нормативтік актілерімен қарастырылмаған, бірақ Кәсіпорынның беделінің өсуіне ақпараттық ашықтылық есебінен және міндетті ашып көрсетілуге тиісті қосымша ақпараттарға сонымен бірге мыналар жатады:

- Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық және корпоративтік қызметі туралы мерзімдік ақпарат;

- қабылданған стратегиялық шешімдер, қызметтің маңызды оқиғалары мен нәтижелері туралы мәліметтер;

- Кәсіпорын басшыларының бұқаралық ақпарат құралдарында, Кәсіпорынның баспасөз хабарламасында сөз сөйлегені туралы ақпарат;

2.9. Қосымша ақпарат Кәсіпорын өзектілігінің басымдылығы ескеріле отырып, қазіргі уақытта нақты мерзімде Кәсіпорынмен ашылады.

2.10. Ақпаратқа мүдделі тұлғалардың құқығын іске асыру, сонымен қатар ақпараттың қолжетімділігі мен шапшаңдығын қамтамасыз ету мақсатында Кәсіпорын келесі тәсілдер мен ақпараттандыруды пайдаланады:

- құжаттамалық ақпаратты табыстау (жіберу);

- ақпаратты магнит (электрондық) тасымалдаушыларда жіберу (заңнамада бекітілген жағдайларда);

- ақпаратты ақпараттық агенттіктер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсету;

- ақпаратты Кәсіпорынның ғаламтор желісіндегі парақшасында жариялау арқылы көрсету;

- пресс-конференция, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер барысында ақпараттандыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған басқа да тәсілдермен.

3. Ақпаратты Кәсіпорынның қызметтік тұлғаларының көрсетуі

3.1. Кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты жинау, даярлау және көрсету Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес, ақпаратты көрсету бойынша міндетін атқаратын қызметтік тұлғалар арқылы іске асады.

3.2. Кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелер бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеу құқығына Қадағалау кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Кәсіпорынның басшысы, сондай-ақ Кәсіпорын Басшысының тапсырмасымен ШЖҚ МКК Кәсіпорынның уәкілетті өкілдері ие.

3.3. Қадағалау кеңесінің Төрағасы немесе оның Қадағалау кеңесімен уәкілетті мүшесі Қадағалау кеңесі қабылдаған шешімдерге ресми түрде пікір білдіруге, сонымен қатар Қадағалау кеңесінің отырысында қаралған мәселелерге қатысты өз көзқарасын айтуға құқылы.

4. Ақпаратты көрсетудің Ережелері

4.1. Ақпаратты көрсету тілі. Осы Ережеге сәйкес, ақпаратты көрсету барысында Кәсіпорын ақпаратты қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілген және нақты жағдайда (сұхбат, көпшілік пікірі, ілеспе аудармаға рұқсат етілмейтін жағдайларда және т.б.) ақпаратты көрсетудің мәнісіне қарсы келмеген барлық жағдайда мемлекеттік және орыс тілінде көрсетеді.

4.2. Кәсіпорын пресс-конференциялар, телефон арқылы жүргізілетін конференция, баспасөз мәслихаттары мен кездесулер өткізеді, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады.

4.3. Кәсіпорын баспасөз қызметі арқылы Кәсіпорынның қызметі мен даму болашағы туралы БАҚ ресми пікірлер таратады, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап береді, Кәсіпорынның уәкілетті қызметтік тұлғаларының қатысуымен сұхбат, баспасөз мәслихаттарын және пресс-конференциялар ұйымдастырады.

4.4. Кәсіпорын қатысушымен (қатысушылардың өкілдерімен) кездесулер, талдаушылармен және басқа да мүдделі тұлғалармен тақырыптық дөңгелек үстелдер, сонымен қатар пресс-турлар өткізеді.

4.5. Кәсіпорын республикалық және халықаралық конференциялардың жұмысына, көрмелерге, халықаралық ұйымдар қызметіне қатысады.

4.6. Кәсіпорын қызметі туралы ақпараттың көрсетілуін қарастыратын, іс-шараларға қатысушы Кәсіпорын Өкілдері, сондай-ақ көрсетілетін ақпараттың тақырыбы Кәсіпорынның өзара қарым-қатынасты жүзеге асыратын уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің келісімі бойынша анықталады. Кәсіпорын қызметі туралы ақпараттың көрсетілуін қарастыратын, іс-шараларға қатысушы Кәсіпорынның уәкілетті өкілдері (қызметкерлер қатарынан) Кәсіпорынның беделіне нұқсан келтіретін ақпараттарды (сөз сөйлеу, пікірлер, сұхбат, жарияланымдар және т.б.) көпшілікке көрсетілетіні үшін жауапты.

5. Қатысушыға және мүдделі тұлғаларға кәсіпорын қызметі туралы құжаттар мен мәліметтерге рұқсат етілуін қамтамасыз ету

5.1. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Кәсіпорын сақтайтын және Кәсіпорын

Жалғыз қатысушысы мен басқа да мүдделі тұлғаларға беретін ақпаратқа рұқсат етуді қамтамасыз етеді.

5.2. Кәсіпорын Басшысының атына жазбаша түрде құрылған тиісті талапты көрсету бойынша танысу үшін Кәсіпорын құжаттар береді.

5.3. Кәсіпорын және оның қызметі туралы ақпараттың мемлекеттік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерге қатысы жоқ болса, БАҚ қатысушысы және өкілі болып табылмайтын мүдделі тұлғаларға жіберіледі.

6. Қорытынды Ережелер

6.1. Қадағалау Кеңесі ақпараттық саясатты бекітеді, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық және басқа да заңнамамен қорғалатын құпиядан тұратын ақпаратты қорғау және көрсету тәртібін анықтайды.

6.2. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорынның заңнамасы мен құжаттарының талаптарына сәйкес, Кәсіпорын қызметі туралы ақпаратты көрсету мен қорғауды іске асырады.

6.3. Қадағалау Кеңесінің хатшысы Кәсіпорын ақпаратын Қадағалау кеңесіне бекітілген тәртіпте уақытында жеткізілуін қамтамасыз етеді.

6.4. Кәсіпорын және оның қызметі туралы көрсетілетін ақпараттың толықтығы мен сенімділігі үшін Кәсіпорынның Басшылығы жауап береді.

6.5. Кәсіпорынның басшылығы ақпараттың көрсетілуінің келісімі мен мерзімінің тәртібін, ақпараттық ресурстардың функционалдылығы мен сақталуын, сонымен қатар Осы Ереженің мақсатына жетуін қамтамасыз етеді.
